

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
22.12.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 22.12.2021 года**

**Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Дарын Шылбынұлы Тұяқов мырзаға беріледі.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы мемлекетаралық шартты ратификациялау көзделген заң жобасы ұсынылады.

Шартқа 2020 жылы 16 қазанда 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шарттың орнына қол қойылды.

Шартқа екі мемлекет арасындағы әскери ынтымақтастықты жандандырып, оны одан әрі дамыту мақсатында қол қойылғанын атап өту қажет. Бұл ретте 1994 жылы жасалған шарттың ережелері уақыт болмысына қарай ескірген, сондай-ақ ол іске асырылған.

Шартты ратификациялау қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде әскерді (күшті) қолдануды бірлесіп жоспарлау, өңірлік қауіпсіздікке төнетін сын-қатерге бірлесіп қарсы әрекет ету, халықаралық ұйым, мәдениет, спорт аясында өзара әрекеттесу және басқа да бағыттарда әскери ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді.

Ресей Қазақстанның стратегиялық әріптесі, сонымен қатар Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі әріптесі болып табылатынын атап өткен жөн.

Шартты ратификациялау осы мемлекеттердің қорғаныс қабілетін нығайту, қазіргі заманғы сын-қатерге қарсы іс-қимыл жасау бойынша үйлесімді әрекет етуді ұйымдастыру бағытында бірлесіп жұмыс істеуге қосымша серпін береді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын.
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Дарын Шылбынұлы! Өздеріңіз білетіндей, Ауғанстанда болып жатқан оқиғаларға байланысты Орталық Азияға іргелес аймақта күрделі әскери-саяси жағдайдың орын алып отырғаны байқалады.

Шарттың 3-бабында тараптардың бірі жүгінген жағдайда, Қазақстан мен Ресей өңірлік қауіпсіздік қатерлеріне бірлесіп қарсы іс-қимыл жасау бөлігінде әскери ынтымақтастықты жүзеге асыратыны көзделген.

Осы жағдайда әскери ынтымақтастықты қандай нақты нысандарда жүзеге асырылатынын түсіндіріп берсеңіз.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Ресей Қазақстанның стратегиялық әріптесі. Бірлесіп әрекет ету мақсатында өзара іс-қимыл тиісті нысандарға жүргізіледі, соның ішінде консультация өткізу, цифрлық деректермен алмасу және инфрақұрылым объектілерін бірге дамыту және пайдалану қарастырылған.

Атап өту керек, Қазақстан мен Ресейдің арасында ратификацияланған шарттар бар, оның ішінде әуе шабуылына қарсы бірталай келісімдерге қол қойылған, ратификацияланған 40-тан аса шарт бар.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Дарын Шылбынұлы! Шарттың 11-бабына сәйкес тараптар тараптың Қарулы Күштері үшін әскери кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Айтыңызшы, біздің азаматтарымыз қандай әскери мамандықтар бойынша және Ресей Федерациясының қандай әскери оқу орындарында оқиды және тиісінше Ресей азаматтары біздің әскери институттарда оқи ма?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Қазақстанның әскери қызметшілері Ресейдің 20-дан астам әскери оқу орындарында оқиды. Атап айтсақ, Бас штаб академиясында, Можайский атындағы әскери-ғарыш академиясында, Киров атындағы әскери-медициналық академиясында, Михайловский атындағы әскери артиллерия академиясында, Жуковский атындағы әскери академиясында және басқа да академияларда оқиды.

Қазақстанның әскери оқу орындарында ресейлік әскери қызметшілер білім алмайды, бірақ олардың да осында білім алуына мүмкіндік бар.

ТӨРАҒА. Ресей азаматтары біздің әскери институттарда оқи ма?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Жоқ, бізде оқымайды, бірақ қазір сол бойынша консультациялар өтіп жатыр. Олардың біздің Бітімгершілік орталығында білім алуына мүмкіндіктері бар.

ТӨРАҒА. Орталықта?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Иә, орталықта.

ТӨРАҒА. Ал біздің әскери институттарда оқымай ма?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Біздің институттарда оқымайды...

ТӨРАҒА. Әлі ондай жоқ.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Иә, әлі жоқ.

ТӨРАҒА. Ондай жоспар бар ма?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Ондай жоспар бар, олармен сөйлесеміз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Дарын Шылбынович! Как известно, российские Вооруженные Силы получили опыт ведения боевых действий в современных военных конфликтах, в частности, в Сирии. При этом в соответствии со статьей 3 договора стороны осуществляют военное сотрудничество в части оперативной и боевой подготовки.

В связи с этим поясните, пожалуйста, будет ли в рамках рассматриваемого договора передаваться нашим Вооруженным Силам указанный боевой опыт, полученный российской армией, включая новые оперативно-тактические приемы ведения боевых действий?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопрос.

В настоящее время Российская Федерация в рамках международных договоров уже активно осуществляет передачу опыта ведения боевых действий в современных условиях. Наши специалисты также активно изучают этот опыт в рамках проводимых современных совместных учений и конкурсов. В частности, есть практика участия в конкурсе по полевой выучке среди разведгрупп сил специального назначения «Зеленая тропа». У нас есть заинтересованность участвовать в данном конкурсе и дальше.

Кроме этого, действует Международный противоминный центр в Нахабино, в котором также есть возможность получить опыт по разминированию объектов. Это касается именно Сирийской Арабской Республики.

Если говорить об учениях, то их проводится очень много, в частности, «Рубеж», «Взаимодействие», «Мирная миссия», «Восток», «Воздушный мост» и так далее. Их на самом деле очень много. В рамках этих учений происходит обмен опытом.

Еще можно добавить обучение в военных учебных заведениях, где тоже есть определенное направление, по которому тоже идет обучение.

ТӨРАҒА. Ракмет.

Сөз депутат Телпекбаева Жанна Тілеубекқызына беріледі.

ТЕЛПЕКБАЕВА Ж.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос также связан со статьей 3 договора.

Уважаемый Дарын Шылбынович! Данной статьей отмечено, что в число основных направлений военного сотрудничества включены культура и спорт.

Полагаю, что военная культура и спорт – это важные составляющие военной жизни, играющие значительную роль в патриотическом воспитании молодежи.

Скажите, пожалуйста, какая работа проводится в данном направлении в Вооруженных Силах нашей страны, а также какие совместные мероприятия запланированы в рамках реализации договора?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопросы.

На самом деле роль культуры в армии очень важна. Можно вспомнить Великую Отечественную войну, когда на фронт выезжали артисты и певцы, поднимали моральный дух бойцов перед атакой.

В данном направлении также проводится определенная работа. Есть планы, совместная программа. В рамках этих мероприятий проходят конкурсы военных оркестров (как вы знаете, в Кремле часто проходят такие конкурсы), фестивали, конкурсы национальных, народных танцев.

В этом году в России проводился международный турнир армейских игр «Армия-2021». В целях укрепления дружбы и товарищества проводился конкурс «Армия культуры», в котором участвовали наши хореографические и вокальные ансамбли. В этом конкурсе участвовали 19 стран, Казахстан занял третье призовое место. Это касательно культуры.

Что касается спорта, то спорт является неотъемлемой частью боевой подготовки. Такие виды спорта, как парашютный спорт, рукопашный бой, бокс, борьба, плавательная подготовка, спортивное ориентирование являются важными направлениями. Среди больших турниров можно назвать международный турнир по боксу, посвященный памяти генерала армии Сагадата Нурмагамбетова, который проходит каждый год в Казахстане и где Казахстан занял первое место.

Кроме этого, в Москве проходил международный турнир по рукопашному бою, Казахстан занял третье место.

В таких спортивных мероприятиях участвуют как российские, так и наши военнослужащие.

ТӨРАҒА. Молодец! Жаксы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Дарын Шылбынұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың осы жылдың 21 тамызында Мәскеу қаласына жұмыс сапары барысында екі мемлекеттің туындайтын сын-кәтерлер мен қауіптерге қарсы өзара іс-қимылының маңыздылығын атап өткені баршамамызға мәлім.

Қазақстанның Ресеймен әскери саладағы қарым-қатынасы екі елдің ауқымды стратегиялық ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Біздің елдер екіжақты форматтағы іс-шараларға ғана емес, сонымен қатар Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымындағы, Шанхай ынтымақтастық

ұйымындағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы іс-шараларға көпжақты ынтымақтастық шеңберінде белсенді түрде қатысуда.

Қаралып отырған шарт қорғаныс саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың іргелі элементі болып табылады. Ол бірінші кезекте бірлескен жауынгерлік даярлықты, әскери-техникалық ынтымақтастық пен кадрлар даярлау мәселелерін қамтиды.

Осыған байланысты шартты ратификациялау әскери саладағы өзара іс-қимылды жандандыруға мүмкіндік береді және екі мемлекеттің қорғаныс ведомстволары арасындағы өзекті мәселелерді шешуде еліміздің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Заң жобасы жұмыс тобы мен комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Сайфоллақызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ақышев Самат Сағынбайұлына беріледі.

АҚЫШЕВ С.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Ең алдымен Қазақстан мен Ресей сенімді одақтас, стратегиялық әріптес және тату көрші болып табылатынын атап өткім келеді.

Таяудағы онжылдықтарға стратегиялық әріптестігіміздің шегін айқындайтын аса маңызды құжаттардың бірі 2013 жылы Екатеринбургте қол қойылған ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарт болып табылады. Бұл жан-жақты құжат 400-ден астам келісімдер мен меморандумдарды қамтитын Қазақстан-Ресей қатынастарының бүкіл шарттық-құқықтық базасының жетістіктерін бекітті.

Бауырлас халықтардың көпжоспарлы стратегиялық ынтымақтастығының негізгі бағыттарының бірі әскери саладағы ынтымақтастық болып табылады. Біздің екіжақты форматтағы іс-шаралардан басқа Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымындағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы көпжақты ынтымақтастық шеңберінде де белсенді қатысатынымыз өте маңызды.

Өткен жылдарғы мемлекетаралық құжаттарда көзделгендей, жаңартылған шарттың ережелеріне сәйкес әскери ынтымақтастық кең спектр бойынша жүзеге асырылады және әскери білім беру мен кадрларды даярлауды, қару-жарақ пен техниканы жеткізуді, бірлескен екіжақты және көпжақты оқу-жаттығуларға, әскерлердің жауынгерлік даярлық іс-шараларына қатысуды қамтиды.

Бүгін қаралып отырған шарт өзара іс-қимылдың жаңа бағыттарымен және нысандарымен толықтырылғанын атап өткім келеді, олар бітімгершілік қызметті, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимылды, өңірлік

қауіпсіздікке сын-қатерлерге қарсы іс-қимылды, мәдениет пен спортты қамтиды.

Шарттың ережелерін дамыту үшін әскери саладағы үш жылдық кезеңге арналған стратегиялық әріптестік бағдарламасына қол қойылды. Ол әріптес мемлекеттер ұмтылатын бағдарларды айқындап, бірлескен іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын дайындау үшін негіз болып табылады.

Қаралып отырған шартты ратификациялау екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық деңгейін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді деп санаймын.

Құрметті әріптестер, баяндалғанның негізінде заң жобасын қолдауды және оны Сенатқа қарауға жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ, ал талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 96, «жақтағандар» – 96. Қаулы қабылданды.



Құрметті! Құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша сектор меңгерушісі Майя Н. Шағынтаев.